

СОРТАҢДАНҒАН ТОПЫРАҚ ЖАҒДАЙЫНА БЕЙІМДЕЛГЕН ОТАНДЫҚ МАҚТА СОРТТАРЫНЫҢ АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ



«Мақта және бақша ауыл
шаруашылығы тәжірибе станциясы»
ЖШС Басқарма төрағасы

_____ Дәуренбек Н.М.
қолы, мөрі

Эксперт _____ Асабаев Б.С.

2024
10-ШІЛДЕ
«Мақта және бақша
АШТС» ЖШС

МАҚСТЫ – Сортаңданған топырақ жағдайына толық бейімделген отандық жаңа мақта сорттары мен сорт жаңарту және сорт ауыстыру, жаңа сорттардың аурулары мен зиянкестерге төзімділігін және өнімділігі мен сапасын баяндау, таныстыру.

ТАПСЫРМАЛАР:


1. Отандық мақта сорттарының өнімділігін 45-50 ц/га жеткізу.
2. Ерте пісер сорттар жарату,
3. Талшығының ұзындығын 34-37 мм артыру.
4. Тұқым шаруашылығы жүйесінің тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету .
5. Жоғары сапалы тұқымдарды қажетті көлемде өндіруді және өткізуді қамтамасыз ету
6. IV репродукциядан төмен емес тұқымдармен егілетін егістік алқаптарын ұлғайту.
7. Сортты сынау мен тұқым шаруашылығын техникалық және технологиялық жаңғырту
8. Сапалы тұқым көлемін ұлғайтуды ынталандыратын тұқым шаруашылығын субсидиялау тетіктерін жетілдіру.

Фермерлер үшін тәжірибиелік маңызы:

Түркістан облысы жағдайына бейімделген өнімділігі жоғары Мақтаарал-4011 және Мақтаарал 5027 мақта сорттары аурулар мен зиянкестерге төзімді, шет елдік мақта сорттарынан еш кем түспейді. Қазіргі таңда отандық мақта, шаруалар арасында үлкен сұранысқа ие.

Мақтарал ,Жетісай ауданындарында 136 мың гектар суармалы жер бар, соның ішінде:

- **сортаңданбаған жерлер 58 мың/га,**
- **әлсіз сортаңданғаны 22 мың/га,**
- **орташа сортаңданғаны 41,5 мың/га,**
- **күшті және өте күшті сортаңданғаны 14,5 мың/га.**



Мақтадан алынатын
бұйымдар




Мақта - техникалық дақыл ретінде қоршаған ортаға, ауа райына, топырақтың құнарлылығына, әсіресе күн көзі мен ағын суға талғамы жоғары дақыл.

Өсіріп баптау - вегетация кезеңінде мақта талабына сай агротехникалық іс-шаралар өз уақытында және сапалы жүргізілсе, өнімділікті әр гектардан 40-45 центнерге дейін жеткізуге болады.

Мақта талшығы осы өсімдіктің беретін негізгі шикізаты болып табылады. Шитті мақтада 30-38% талшық, 50-56% шит болады, ал, шитте 18-22% мақта майы бар. Одан 20-дан астам түрлі дайын бұйымдар шығаруға болады.

Шитті мақта - халық шаруашылығының тоқыма өнеркәсібі, май өңдеу, гидролиз, химия және басқа да салалары үшін қажетті шикізат.

- Мақтаның өнімділігін арттыру мен өнім сапасын көтеру көптеген факторларға, жағдайларға байланысты. Солардың ішінде жоғары гинетикалық мүмкіншіліктері бар жаңа отандық мақта сорттарын шығару және оны өндіріске енгізіп, бәсекеге қабілетті өнім шығару басты мәселелердің бірі болып табылады.
- Осыған байланысты Мақта және бақша АШТС-да жүгізіліп отырған ғылыми зерттеу жұмыстары осы саланың өсіп дамуына үлкен үлесін қосып өркендеуіне ықпал етіп келеді.
- “Мақта және бақша АШТС” ЖШС отандық бәсекеге қабілетті аурулар мен зиянкестерге төзімді мақта сорттарының түпнұсқалық және элиталық тұқымдарын дайындап, облыстағы тұқым шаруашылықтарын қамтамасыз етуде.




Өскін алу
4-14 күн

Шанақтау кезеңі
20 күн

Гүлдеу кезеңі

Көсектеу

Пісіп жетілу
110-120 күн



Мақта шаруашылығындағы ғылыми-зерттеулерді дамыту арқылы отандық бәсекеге қабілетті мақтаның жаңа сорттарын шығару, мақта өндірудің тиімділігін, инновациялық технологияларды өндіріске ендірумен Мақта және бақша АШТС –ң ғалымдары айналысып, бірқатар жетістіктерге жетті. Мақтаның 16 орта талшықты, сыртқы ортаның қолайсыз факторларына төзімді, өнімділігі басқалардан шет мемлекеттерден әкелінген сорттарға қарағанда 5-6 ц/га жоғары сорттары шығарылды. Олардың 9-ы (ПА-3044, Мақтаарал-4005, ПА-3031, Береке-07, Мақтаарал-4007, Мақтаарал-4011, Мырзашөл-80, Мақтаарал-4017, Мақтаарал-5027) аудандастырылды.





1

- Пісіп-жетілу 110-125 күн

2

- Биологиялық өнімі 40,0-45,0 ц/га жоғары

3

- Талшық ұзындығы 32,1-34,3 мм

4

- Талшық шығымы 36,5-39,7 %

5

- Микронейр 4,5-4,7

2000 жылға дейін елімізде мақтаның отандық бәсекеге қабілетті сорты болмаған. Бүгінгі күні республикада бәсекеге қабілетті отандық 16 мақта сорттары шығарылды, оның 9-ы өндіріске ендірілді. Қазіргі таңда отандық мақтаарал-4011, мақтаарал -5027 сорттары шаруалар арасында үлкен сұранысқа ие.



ПА-3031

*Пісіп-жетілу мерзімі– 124-125 күн
Биолог.өнімі - 40,0 ц/га жоғары
Талшық ұзындығы- 32,1 мм
Талшық шығымы - 36,5-37,0 %
Микронейр - 4,7*



ПА-3044

*Пісіп-жетілу мерзімі– 122-124 күн
Биолог.өнімі - 40,7 ц/га жоғары
Талшық ұзындығы- 32,9 мм
Талшық шығымы - 37,2 %
Микронейр - 4,6*



M-4005

*Пісіп-жетілу мерзімі– 110-117 күн
Биолог.өнімі – 38,5 ц/га жоғары
Талшық ұзындығы— 33,3 мм
Талшық шығымы - 38,1%
Микронейр - 4,6*



M-4007

*Пісіп-жетілу мерзімі– 117-119 күн
Биолог. өнімі – 39,6 ц/га жоғары
Талшық ұзындығы- 34,1 мм
Талшық шығымы - 38,7 %
Микронейр - 4,5*



M-4011

*Пісіп-жетілу мерзімі– 115-117 күн
Биолог.өнімі – 40,9 ц/га жоғары
Талшық ұзындығы- 34,0 мм
Талшық шығымы - 38,7 %
Микронейр - 4,6*



Береке-07

*Пісіп-жетілу мерзімі– 119-120 күн
Биолог. өнімі – 36,8 ц/га жоғары
Талшық ұзындығы— 33,0 мм
Талшық шығымы - 38,7 %
Микронейр - 4,5*



Мырзашөл-80

*Пісіп-жетілу мерзімі– 115-117 күн
Биолог.өнімі – 38,8 ц/га жоғары
Талшық ұзындығы— 33,2 мм
Талшық шығымы - 38,7 %
Микронейр - 4,6*



BTM-4047

*Пісіп-жетілу мерзімі– 116-117 күн
Биолог. өнімі – 37,3 ц/га жоғары
Талшық ұзындығы— 33,5мм
Талшық шығымы - 38,5-39,7 %
Микронейр - 4,5*



Атакент-2010

*Пісіп-жетілу мерзімі– 117-119 күн
Биолог.өнімі – 40,3 ц/га жоғары
Талшық ұзындығы— 34,2 мм
Талшық шығымы - 38,3-39,4 %
Микронейр - 4,5*



Память Ералиева

*Пісіп-жетілу мерзімі– 116-117 күн
Биолог.өнімі – 41,4 ц/га жоғары
Талшық ұзындығы- 34,3 мм
Талшық шығымы – 39,7 %
Микронейр - 4,5*

Мақта талшығының шығымы мен ұзындығы, шаруашылық-бағалы белгілері жоғары М-4005, М-4007, М-4011 мақта үлгілері.




М-4005

*Пісіп-жетілу мерзімі– 114-117 күн
Биолог.өнімі – 35-40 ц/га жоғары
Талшық ұзындығы— 33,3 мм
Талшық шығымы - 38,1%
Микронейр - 4,6*



М-4007

*Пісіп-жетілу мерзімі– 117-119 күн
Биолог. өнімі 42-44,6 ц/га
Талшық ұзындығы 34,1 мм
Талшық шығымы - 38,7 %
Микронейр - 4,5*



М-4011

*Пісіп-жетілу мерзімі– 115-117 күн
Биолог.өнімі 40-45 ц/га жоғары
Талшық ұзындығы 34,0 мм
Талшық шығымы - 38,7 %
Микронейр - 4,6*

**M-5027**

Пісіп-жетілу мерзімі – 117-119 күн

Биолог. өнімі - 40,0-45,0 ц/га

Талшық ұзындығы - 34,1 мм

Талшық шығымы - 38,7 %

Микронейр - 4,5

**M-5027**

Өнімділігі 40-45 ц/га жоғары болатын жаңа отандық **M-5027** сортының талшығының сапасы әлемдік стандарттардан кем түспейді, **мақта құрты**, **карадрина сияқты зиянкестерге төзімді келеді**, сондай-ақ **вирустық, бактериялық (қара тамыр шірігі, гоммоз, вильт)** ауруларына төзімді, топырақтың орташа тұздануына және құрғақшылыққа төзімді мақта сорты .

Мақта сорттары	Мақтаның өсу фазасына байланысты жұлдызқұрттың саны, 100 өсімдікте		
	Шанақтау	Гүлдеу	Пісіп жетілу
Мақтаарал - 5027	2,0	2,5	2,9
16-04(ҚХР)	1,8	2,2	3,0
Мақтаарал - 4011	15,2	16,3	17,5
Гедера(Түркия)	15,0	16,1	17,5
Бұхара 6 (Өзбекстан)	16,2	17,4	18,6
Сұлтан (Өзбекстан)	16,5	17,8	18,9

1997,2000, 2003, 2014, 2017, 2020 және 2021 жылдары зиянкестердің өнімге келтірген зшығыны 40-70%

Жыл сайын (2-3 рет қайта өңдеуді есептегенде) 120,0-150,0 га алқапқа хиимиялық өңдеу жүргізілген



Карадрина жұлдызқұрты



Мақта көбелегі жұлдызқұрты

Мақтаарал -5027 жаңа сортымен сортты ауыстыру (жаңарту)

Көрсеткіштері	Өлшем бірлігі	Жылдар			
		2022	2023	2024	2025
Түпнұсқалық тұқым өндірісі	тонна	1,44	2,83	4,25	5,5
Элиталық тұқым өндірісі	тонна	30	60	90	150



2023 жылы алынған 30 тонна элиталық тұқымнан, 2025 жылға қарай элиталық тұқым шаруашылықтарында бірінші репродукциялы **727 тонна тұқым көбейту жоспарлануда.**

Ал 2025 жылға қарай екінші репродукциялы 4319,989 тонна дайындалады, бұл 2026 жылы зиянкестерге төзімді жаңа Мақтаарал – 5027 сортымен облыс бойынша **120 мың гектары қамтамасыз етіледі.**



Береке -07 мақта сорты орта талшықты мақта тобына жатады. Өнімділігі 39,8ц/га жоғары болатын **жапырағының түсі ҚЫЗЫЛ** болып келетін отандық мақта сорты, талшығының сапасы әлемдік стандарттарға сай.

Талшық ұзындығы -33,0 мм , талшық шығымы-38,7 % микронейр-4,5. сондай-ақ вирустық, бактериялық (**қара тамыр шірігі, гоммоз, вильт**) ауруларына төзімді, топырақтың орташа тұздануына және құрғақшылыққа төзімді мақта сорты.сонымен қатар **жапырағының қызыл түсте болуы** мақта көбелегін өзіне шақырмайды.



Өнімділігі 30-35,3 ц/га жоғары болатын қоңыр түсті отандық мақта селекциясының жетістігінің бірі **БТМ-4047** сорты, талшығының сапасы әлемдік стандарттарға сай.

Талшық ұзындығы -33,5 мм , талшық шығымы-36,5-38,7 % микронейр-4,5.

сондай-ақ вирустық, бактериялық (**қара тамыр шірігі, гоммоз, вильт**) ауруларына төзімді, топырақтың орташа тұздануына және құрғақшылыққа төзімді мақта сорты .



Түркістан мақта сорты орта талшықты өнімділігі суармалы жерлерде 42-45 ц/га.

Талшық ұзындығы 35-36 мм.

Талшық шығымы 36-37 %.

Пісіп жетілу кезеңі, алғашқы көсегінің ашылуы 105-110 күн, қозаның биіктігі 90-100 см, бұл дегеніміз қозаны шырпуды қажет етпейді.

Көсегінің салмағы 6-6,5 гр.


1000 шиттің салмағы 130-135гр.

Қазіргі таңда Мақта және бақша АШТС-да көбейтілуде.



- Мақтаның өнімділігін арттыру мен өнім сапасын көтеру көптеген факторларға, жағдайларға байланысты. Солардың ішінде жоғары гинетикалық мүмкіншіліктері бар жаңа отандық мақта сорттарын шығару және оны өндіріске енгізіп, бәсекеге қабілетті өнім шығару басты мәселелердің бірі болып табылады.
- Осыған байланысты Мақта және бақша АШТС-да жүгізіліп отырған ғылыми зерттеу жұмыстары осы саланың өсіп дамуына үлкен үлесін қосып өркендеуіне ықпал етіп келеді.
- “Мақта және бақша АШТС” ЖШС отандық бәсекеге қабілетті аурулар мен зиянкестерге төзімді мақта сорттарының түпнұсқалық және элиталық тұқымдарын дайындап, облыстағы тұқым шаруашылықтарын қамтамасыз етуде.

ОТАНДЫҚ ЖАҢА МАҚТА СОРТТАРЫНЫҢ ЭЛИТАЛЫҚ ЖӘНЕ РЕПРОДУКЦИЯЛЫҚ ТҰҚЫМДАРЫН ӨНДІРУДІҢ КЕСТЕСІ



- ✓ АУЫСПАЛЫ ЕГІСТІ БАРЛЫҚ МАҚТА АЛҚАБЫНДА МІНДЕТТІ ТҮРДЕ ЕНДІРУ, СУАРМАЛЫ ЖОҢЫШҚА, БАҚША ДАҚЫЛДАРЫНЫҢ ОТАНДЫҚ СОРТТАРЫН ЕНДІРУ
- ✓ ЖЕР ЖЫРТУДАН АЛДЫН ФОСФОР ТЫҢАЙТҚЫШТАРЫН 300 - 350 КГ/ГА КӨЛЕМІНДЕ ҚОЛДАНУ
- ✓ МАҚТА ӨНДІРУШІ ФЕРМЕРЛЕРДІҢ ТҰТЫНУ КООПЕРАТИВІН ҰЙЫМДАСТЫРУ
- ✓ ЖАҢА ТЕХНИКАЛАР ЖӘНЕ САЙМАНДАРДЫ САТЫП АЛУҒА ҚАРЖЫЛАЙ КӨМЕКТІ АРТТЫРУ
- ✓ ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫ ҚОЛДАУ: ЖОЛДАР, ҚҰРЫЛЫС САЛУ, ЖЕРДІ ТҰЗСЫЗДАНДЫРУ, ИРРИГАЦИЯ ЖҰМЫСТАРЫН ДАМУ
- ✓ ЖЕРДІ КҮРДЕЛІ ТЕГІСТЕУ 100 М-ГЕ 10 СМ ЕҢІС БОЛУ КЕРЕК

- ✓ Мақта өсірудің сорттық агротехнологиясын жүргізу, жоғары репродукциялық тұқымдар өндіру бойынша барлық ұсыныстарды қатаң орындау және тұқымның барлығында сапа сәйкестік сертификаты болуы, ҚР тұқымшылық заңына сәйкес тұқым инспектрлары жұмыс жүргізуі тиіс.
- ✓ Элиталық және бірінші репродукциялық тұқымдарды өндіру бойынша аттестаттаудан өткен субъектілердің санын арттыру үшін мемлекеттік қолдау қажет.
- ✓ Түпнұсқалық, элиталық және бірінші, екінші репродукциялық тұқымдар өндіру үшін ғылыми-зерттеу мекемесінде жоғары білікті мамандар дайындау.

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ҚАЖЕТТІ МАҚТА ТҰҚЫМЫНЫҢ ЕСЕБІ


№	Репродукция	Тұқым шаруашылықтарының егіс көлемі, га	Барлығы, тонна
1	Түпнұсқалық	көбейту питомнигінен	1,7
2	Элиталық	65,0	50,0
3	Бірінші репродукция	2000,0	1500,0
4	Екінші репродукция	3000,0	2250,0
	Облыс бойынша	5065	3802,0



Обылыстағы барлық тұқым шаруашылықтарының егіс көлемі 5065 гектар болу керек.

Тұқым шаруашылығы – өнімді мол беретін, сапасы жоғары жаңа сорттарды жасап шығаратын, ең таңдаулы жаңа сорттардың тұқымын көбейтетін сала.

- ✓ Тұқым егілетін егістіктердің бытыраңқылығы;
- ✓ Тұқымдық алқаптарда агротехникалық талаптардың сақталмауы;
- ✓ Апробацияның формальді түрде сапасыз жүргізілуі;
- ✓ Мақта дайындау (қабылдау) кезінде зауыттарда элиталық және репродукциялық дайындалған мақтаның белгісіз товарлық мақталармен араласуы мақта сортының келешегін жояды;
- ✓ Көп сорттылық (тұқымның зауытта араласып кетуі);
- ✓ Мақта зауыттарының себілетін тұқымды дайындауда арнайы қондырғылармен жабдықталмауы;
- ✓ Мақта шаруашылығында арнайы тұқымдық мақта зауыты жүйесі жоқ.
- ✓ Тұқымдық шитті мақта өңдеу үшін оны өңдейтін арнайы технология емес, қарапайым технология қолданылады.
- ✓ Элиталық тұқым шаруашылықтарының жетіспеушілігі, мақтаның жоғары репродукциялық тұқымдарының тапшылығы;
- ✓ Мақта тұқымшылығы саласында жоғары білікті мамандардың жоқтығы;



АУЫСПАЛЫ ЕГІСТІҢ БОЛМАУЫ, ЖЕР ҚҰНАРЛЫЛЫҒЫНЫҢ КҮРТ ТӨМЕНДЕУІ



ЖЕРДІҢ КҮРДЕЛІ ТЕГІСТЕЛМЕУІ





АЗОТ ТЫҢАЙТҚЫШТАРЫН ЕНГІЗУ ТАЛАП ЕТІЛГЕН МӨЛШЕРІНЕН 50% –НАН АРТПАУЫ, АЛ ФОСФОР ТЫҢАЙТҚЫШТАРЫНЫҢ МҮЛДЕМ БЕРІЛМЕУІ



ЖЕР ЖЫРТУ ЖӘНЕ ЕГІС АЛДЫ АГРОТЕХНИКАЛЫҚ ШАРАЛАРДЫҢ САПАСЫЗ БОЛУЫ ЖӘНЕ ДЕР КЕЗІНДЕ ЖҮРГІЗІЛМЕУІ

р/с	Нұсқалар	Өнімділік	Қосымша өнім
1	Кәдімгі соқамен 25-30 см тереңдікке жер айдау, (бақылау)	30,1	-
2	Кәдімгі соқамен 35-40 см тереңдікке жер айдау, (салыстыру)	32,3	2,2
3	Жерді 45-50 см тереңдікке қопсыту	38,0	7,9
4	Жерді 55-60 см тереңдікке қопсыту	42,5	12,4
5	Жерді 65-70 см тереңдікке қопсыту	42,0	11,9

Егістікті 55-60 см тереңдікке қопсыту технологиясы



ТОПЫРАҚТЫ ӨНДЕУ ӘДІСІ

Түркістан облысының суармалы жерлерінде жерді аудармай терең қопсыту технологиясы бойынша мақта өнімділігі 22%-ға артады, еңбек өнімділігі 30-35% артады, жанар-жағар май 40-50% үнемделеді.

Терең
қопсыту,
55-60 см

Кәдімгі жер
жырту,
30-35 см

Өнімділік, ц/га
30-35

Өнімділік, ц/га
30-35

44,8 9,7

35,1 -
+

Соңғы жылдары топырақ құнарлығының төмендеуі (1975-1980 жылдармен салыстырғанда)


- | | |
|---|--------------|
| - қарашірік құрамы | - 35 - 40%; |
| - жылжымалы нитрат (NO ₃) | - 55 - 60%; |
| - жылжымалы фосфор (P ₂ O ₅) | - 70 - 75 %; |



- ✓ Шаруа қожалықтарында агрохимиялық талдау (анализ) жүргізілмейді.
- ✓ Мақта қозасына тыңайтқыштар тиімді кезеңдерде берілмейді.
- ✓ Тиімді енгізу мерзімдері (егіспен бірге - 20%, шанақтау кезеңінде - 50%, гүлдеу кезеңінде – 30%)
- ✓ 5-ші шілдеден кейін тыңайтқыш қозаның бойына кетеді, өнім кеш пісіп жетіледі.

Минералды тыңайтқыштарды міндетті түрде қолдану:

- | | |
|--|---------------------------------|
| - Азот тыңайтқышын (аммиак селитрасы) гектарына | - 500-550 кг/га (физ. салмақта) |
| - Фосфор тыңайтқышын (суперфосфат) гектарына | - 350-400 кг/га (физ. салмақта) |
| - Калийдің мөлшері жеткілікті, калийді енгізу қажеттілік емес. | |



Мақта көбелегі (*Helicoverpa armigera* Hb.) кеміруші зиянкес, 50-60% өнімді төмендетеді, жекелеген жылдары зияндылығы 70-80% жетеді.

Өрмекші кене (*Tetranychus turkestanica* Ug et. Nic.) сорушы зиянкес, 40-50% өнімді төмендетеді.



Мақта дақылын зиянкестерден қорғау шаралары



Мақта шаруашылығында қозаның неғұрлым көп тараған әрі қауіпті аурулары солма (вилт), гоммоз және тамырдың шіруі болып табылады.

- Тамырдың шіруін топырақта тіршілік ететін әртүрлі саңырауқұлақтар мен бактериялар туғызады.
- Гоммозды бактериялар туғызады.
- Солманың (вилт) қоздырушысы- топырақта тіршілік ететін вертициллиум далиэ саңырауқұлағы.

Жаңа отандық бәсекелестікке қабілетті жоңышқа, қауын және қарбыз сорттары



“Қарақай” қауын сорты
пісіп-жетілу мерзімі– 75-80 дней
өнімділігі – 250-270 ц/га
қанттылығы – 13-15%
Тасымалдауға төзімді



“Достық-10” қарбыз сорты
пісіп-жетілу мерзімі– 75-85 дней
өнімділігі – 400-450 ц/га
қанттылығы – 12-13%
Тасымалдауға төзімді



“Южанка” қауын сорты
пісіп-жетілу мерзімі – 80-85 дней
өнімділігі – 310-325 ц/га
салмағы -3,5-4,0 кг
Тасымалдауға төзімді



“Жиеншар” қауын сорты
пісіп-жетілу мерзімі – 80-85 дней
өнімділігі – 330-350 ц/га
салмағы – 3,5-4,0 кг
Тасымалдауға төзімді



“Күздік” қарбыз сорты
пісіп-жетілу мерзімі– 95-110 дней
өнімділігі – 430-450 ц/га
салмағы – 5,0-6,0 кг
Тасымалдауға төзімді



“Көксарай” жоңышқа сорты
пісіп-жетілу мерзімі– 105-110 дней
өнімділігі – 230-250 ц/га
Жергілікті жерге бейімделген



“Даму-12” жоңышқа сорты
пісіп-жетілу мерзімі– 105-107 дней
өнімділігі – 220-245 ц/га
Жергілікті жерге бейімделген

2016 жылы өндіріске ендірілгені

Бақша дақылдары

“Жиеншар” – 12100 га

“Қарақай” – 6800 га

“Достық-10” – 3500 га

“Южанка” – 30 га (тұқымдық алқап)

Суармалы жоңышқа

“Көксарай” – 700 га (тұқымдық алқап)

“Даму -12” – 50 га (тұқымдық алқап)



Мақта және бақша
ауыл шаруашылығы
тәжірибе станциясы
ЖШС

**Зейін қойып
тыңдағандарыңыз үшін
рахмет!**

Асабаев Б.С.



Тел. 8(702)6739090

**E-mail: kazcotton1150@mail.ru
bahash90@mail.ru**